

Алтынсарин ауданы Приозерный ауылдық округіндегі "Дармен" шаруа қожалығы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Приозерный ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 10 маусымдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 маусымда № 5682 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Приозерный ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 20 қазандағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Приозерный ауылдық округі әкімінің 20.10.2015 № 2 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алтынсарин аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2015 жылғы 19 мамырдағы № 50 ұсынысы негізінде, жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында, Приозерный ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алтынсарин ауданы Приозерный ауылдық округіндегі "Дармен" шаруа қожалығы аумағында ауыл шаруашылық малдарының бруцеллез ауруының шығуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алтынсарин аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Алтынсарин аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қолдану ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 20 мамырдан бастап туындаған қатынастарға таралады.

округінің әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

Приозерный ауылдық
Ж. Иралин

"Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің
Алтынсарин аудандық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ *Ғ. Сейтханов*

"Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігі
Тұтынушылардың құқықтарын
қорғау комитетінің Қостанай
облысы тұтынушылардың
құқықтарын қорғау
департаментінің Алтынсарин
аудандық тұтынушылардың
құқықтарын қорғау басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ *Б. Мүслімов*